**Рамаданова Жанна Дидарбековнаның**

«8D02201 – Философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақ дәстүрлі пластикалық би өнерінің бейнелі тілі: философиялық талдау» тақырыбындағы диссертациясына

# АҢДАТПА


**Зерттеу тақырыбы:** Қазақ дәстүрлі пластикалық би өнерінің бейнелі тілі: философиялық талдау

**Зерттеудің мақсаты:** би феномені мен қазақ дәстүрлі пластикалық би өнерінің бейнелі тілін философиялық тұрғыдан талдау, сонымен қатар, қазақ халық биінің трансформация процесін зерттеп, оны сақтау және танымал ету жолдарын анықтау.

**Зерттеудің міндеттері:**

– би феноменін философиялық рефлексия тұрғысынан зерттеу, батыстық, посткеңестік ғалымдар мен неміс классикалық философиясы өкілдерінің еңбектеріндегі би философиясы мен теориясына сыни және аксиологиялық баға беру және салыстырмалы талдау жүргізу;

– би феноменінің онтологиясын, би және оның адамның терең бейсаналылық деңгейімен байланысты хореография өнерінің құралы ретіндегі адам денесінің эпистемологиялық табиғатын зерттеу;

– қазақ дәстүрлі пластикалық би өнерінің онтологиялық бастауларын анықтау және генезисіне ретроспективті талдау жасау;

– қазақ дәстүрлі пластикалық би өнерінің қимыл-қозғалысы мен қалыптарына семиотикалық талдау жасау негізінде қазақ халық биінің бейнелі тіліне және мәдени кодына сипаттама жасау;

– Қазақстанның кәсіби хореографиялық мектебінің (халық-сахналық биі) қалыптасу және даму ерекшеліктерін философиялық рефлексия тұрғысынан анықтау;

– қазіргі жағдайда дәстүрлі мәдени мұраны сақтау және танымал ету жолдарын анықтау, сондай-ақ, хореографиялық өнердегі ұлттық кодты сақтаудың кілті ретінде қазақ халық биін дәріптеу теориясы мен тәжірибесін қарастыру.

**Зерттеу әдістері:** Әдістеменің *философиялық деңгейінде* би феномені мен би өнерінің құралы ретіндегі адам денесі құбылысын зерттеуде философия тұрғысынан жүйелік-синергетикалық көзқарас, логикалық және тарихи зерттеудің бірлігі, әмбебап байланыс пен даму, ішкі қайшылық, сабақтастық пен теріске шығару принциптері, классикалық және классикалық емес философия әдістері, сондай-ақ, батыстық және посткеңестік ғалымдардың және де неміс классикалық философиясы өкілдерінің еңбектеріндегі би құбылысының өнер түрі ретіндегі теориялық талдауына сыни тұрғыдан баға беру мен салыстырмалы талдау қолданылады.

Әдістеменің *жалпы ғылыми деңгейінде* би құбылысын зерттеудің жүйелік интегралдық тәсілі қолданылады, би құбылысы туралы философиялық білімнің құрылымы оның онтологиялық, гносеологиялық, антропологиялық аспектілері тұрғысынан қарастырылып, талданады. Қазақ халық би өнерінің генезисі тарихи-философиялық экскурс әдістемесін пайдалана отырып, философиялық рефлексия тұрғысынан зерттеледі, сондай-ақ, материалдық емес мәдени мұраның бір түрі ретіндегі дәстүрлі қазақ халық биін сақтау және жаңғырту әдістемелерінде субъекттік-ісәрекеттік тәсілдеме қолданылады.

Зерттеудің *нақты ғылыми деңгейінде* қазақтардың дәстүрлі би өнерінің бейнелі тілін философиялық тұрғыдан талдауда эстетикалық бағыттағы заманауи герменевтика, оның ішінде құрылымдық талдау, иконографиялық және семиотикалық әдістемелер, діни және ұлттық дүниетаным негізіндегі қазіргі тіл философиясының зерттеу әдістері қолданылады.

Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті және Әуезов атындағы ОҚМУ сияқты университеттердің жетекші хореографтарымен дуальді оқыту мәселелері бойынша эмпирикалық сауалнама, бақылау, әңгімелесу жүргізілді.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да қорытындылар):**

– Батыстық, посткеңестік ғалымдар мен неміс классикалық философиясы өкілдерінің еңбектеріндегі би философиясы мен теориясына жүргізілген шолу, сыни-аксиологиялық баға беру және салыстырмалы талдау нәтижесінде батыстық ойлаудың айрықша белгісі прагматизм, сыртқы, материалдық бағыт екендігі, ал посткеңестік зерттеушілер би құбылысының ішкі, рухани құрамдас бөлігіне көбірек көңіл бөлетіндігі, осылайша зерттеулендің бірін-бірі толықтыратындығы *анықталды*.

– Би өнерінің эпистемологиялық табиғатын, сондай-ақ, тәндік қасиеттерін зерттеу барысында физиологиядағы соматикалық (денелік) және невробиологиядағы айна нейрондарын зерттеу сияқты пәнаралық зерттеулердің соңғы ғылыми деректері негізінде бидің психосоматика арқылы адамның танымдық қабілеттеріне әсер етуінің тәжірибеде бұрын ашылмаған жаңа мүмкіндіктері *айқындалды*.

– Философиялық рефлексия тұрғысынан қазақ дәстүрлі пластикалық би өнерінің онтологиялық қайнар көздері бастаулары *анықталып*, генезисіне ретроспективті талдау *жасалды*. Оның барысында алғаш рет кеңестік дәуірге дейінгі қазақ көшпелілерінің халық биінің бар болуы және даму ерекшеліктері туралы этнографиялық иллюстрациялық және мәтіндік материалдармен қоса берілген түрлі гуманитарлық ғылым зерттеушілерінің бірнеше буыны жинаған шашыраңқы түрлі тарихи деректер *жинақталды*.

– Киелі геометрия мен ымдау тілі элементтеріне негізінде жасалған дәстүрлі қазақ биінің қимыл-қалыптарының бейнелі тілін семиотикалық талдау барысында түркі мәдениетінің бір бөлігі ретіндегі қазақ халқының мәдени кодтары мен рухани құндылықтарының көрінісі болып табылатын қазақ ою-өрнектерінің кейбір үлгілерінің және қазақ халық биі қимыл-қалыптарының мағыналық кодының біртұтастығы *дәлелденді*.

– Қоғамда қалыптасқан рухани және материалдық алғышарттармен айқындалатын әлеуметтік-мәдени, тарихи-мәдени, этномәдени сипаттағы факторлар жүйесін ескере отырып, Қазақстанның кәсіби хореографиялық мектебінің (халық-сахналық би) қалыптасу және даму ерекшеліктері философиялық рефлексия тұрғысынан *зерттелді*.

– Қазақтың халық хореографиялық мұрасының озық үлгілерін цифрландыру, қазақ би тарихын белгілі зерттеушілердің кітаптарында ауызша сипатталған қазақ халық билерінің қимыл-қозғалысын визуализациялау және осы материалды, сондай-ақ, дуалды оқыту технологиясын қазақ халық биін оқыту әдістемесінде қолдану сияқты түпнұсқалық халық хореографиялық мұрасын сақтау мен насихаттаудың тиімді құралдары *негізделді*.

**Зерттеудің негізгі нәтижелері:**

– Би феномені философиялық тұрғыдан зерттеліп, батыстық аналитикалық және посткеңестік (кеңестік) ой-пікірдегі би философиясы мен теориясына салыстырмалы талдау жасау нәтижесінде біз бұл теориялардың ортақ тұстары болғанымен, батыстық ойлаудың сыртқы, материалдық бағдарда болса, ал посткеңестік зерттеушілер би феноменінің ішкі, рухани құрамдас бөлігіне көбірек көңіл бөледі деген қорытындыға келдік.

– Бидің онтологиясы, гносеологиялық табиғаты мен адамның терең бейсаналылығын білдіретін хореографиялық өнер құралы ретіндегі тәндік зерттеледі. Физиологиядағы соматикалық интеллект пен соматикалық пәндердегі зерттеулер қозғалыс белсенділігінің, оның ішінде бидің психосоматикалық сипаты туралы куәландырады.

– Қазақ халық биінің тарихы философиялық тұрғыдан қайта қаралып, нәтижесінде кеңестік дәуірге дейінгі даму кезеңінде дәстүрлі қазақ биінің болғанына тың деректер жинақталды. Ортағасырлық археология мен сәулет ескерткіштер зерттеулері Қазақстан аумағында VII-XII ғасырларда мал шаруашылығы мен егіншіліктің өзіндік симбиозы болып табылатын қалалық өркениеттер болған деп батыл тұжырым айтуға негіз береді. Бұл жағдай өз кезегінде қала ақсүйектерінің сарайларында қойылатын ойын-сауық өнері ретінде ежелгі қазақтардың пластикалық би өнерінің болғанын дәлелдейді.

– Философиялық дискурс контекстінде қазақ халқының мәдени кодтары мен рухани құндылықтарының көрінісі ретіндегі қазақ халық биінің кейбір негізгі қимыл-қозғалыстарына семиотикалық талдау жасау нәтижесінде қазақ биінің түркі халықтарына ғана емес, сонымен қатар, Таяу Шығыс пен Мысыр халықтары билеріне де ортақ негізгі элементтері анықталды. Бұл жоғарыда аталған мәдениеттердің ортақ тамырының жанама дәлелі болып табылады.

– Қазақстан кәсіби хореографиялық мектебінің (халық сахналық биі) қалыптасу және даму ерекшеліктерін философиялық тұрғыдан қарастыру нәтижесінде келесі тұжырым жасалды: қазіргі заманның халық биі өткен ұрпақтардың ой-өрісін, ұмтылысын білдіргенімен, тек жаңа ұрпақтың түсінігі мен түрлендіруінде ғана орын ала алады. Бұдан біз диалектиканың «теріске шығаруды теріске шығару» заңының көрнекті көрінісін табамыз.

– Пайдалылық принципіне сай қазақ халық биін сақтаудың, жаңғыртудың және танымал етудің жолдары мен тәсілдері – алғашқы отандық зерттеушілердің кітаптарында сипатталған қимыл-қозғалыс пен қалыптардың цифрландырылған үлгілерін, сондай-ақ, дуальді оқыту элементтері және т.б. қазақ халық биінің теориясы мен әдістемесінде пайдалану қарастырылады. Тану және практикалық іс-әрекет философиясына сай диссертант Германияның дуальді оқыту жүйесіне сәйкес келетін дуальды білім алудағы жеке тәжірибесімен бөліседі.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын және ғылыми даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін негіздеу:

Ғылыми зерттеулерде қол жеткізілген нәтижелер отандық өнер философиясы, өнертану ғылымдарындағы білім өрісін кеңейтіп, оның ішінде қазақ биінің тарихын толықтырады. Зерттеу барысында ашылған психосоматика арқылы бидің адамның танымдық қабілеттеріне әсер ету мүмкіндіктері, сонымен қатар батыстық және посткеңестік ойдағы қазіргі философия мен би теориясының салыстырмалы

талдауы посткеңестік және әлемнің өнер философиясы, атап айтқанда би философиясына күш жетерлік шамада үлес қосады. Зерттеу Қазақстан мәдениеті мен өнерінің философиялық аспектілерін зерттеуге арналған негізгі материалдар өрісін кеңейтеді.

Ғылыми жұмыс қазақ халық биін оқыту теориясы мен тәжірибесінің әдістемелік негіздерін анықтау үшін маңызы бар. Диссертанттың қазақтың дәстүрлі пластикалық би өнерін қазақ халық биінің цифрландырылған озық үлгілерін, дуальді оқыту элементтерін, «оқыту арқылы оқу» және т.б. заманауи оқыту технологияларын қолдану арқылы сақтау және насихаттау жөніндегі ұсыныстарының да практикалық маңызы бар.

Зерттеу нәтижелері негізінде хореографияны қосымша үйірмелік сабақтар түрінде ғана емес, мектептерде міндетті білім беру бағдарламасына қосу оқушылардың танымдық қабілеттерін жақсартуға, физикалық жағдайын сауықтыруға және зияткерлік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады.

Диссертация материалдарын жоғары және орта оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептерде, лицейлерде, гимназияларда өнер философиясы, халықтық көркем мәдениеттің теориясы мен тарихы, эстетика, мәдениеттану, хореография тарихы бойынша дәрістер курсында қолдануға болады.

**Нәтиженің жаңалығы мен маңыздылығы:**

- би құбылысы, сонымен бірге би өнерінің онтологиялық, гносеологиялық табиғаты және адамның терең бейсаналылығын білдіретін хореография өнерінің құралы ретіндегі адам денесі құбылыстары философиялық тұрғыдан зерттелді;
- би философиясының тарихын жалпы өнер түрі ретінде жүйелік көзқарас тұрғысында қарастыру барысында батыстық аналитикалық және посткеңестік (кеңестік) ойдағы би философиясы мен теориясына салыстырмалы талдау жүзеге асырылды;
- қазақ халық биінің тарихы философиялық тұрғыдан қайта қаралып, атап айтқанда, онтологиялық бастаулары айқындалып, қазақтың дәстүрлі би-пластикалық өнерінің генезисіне ретроспективті талдау жасау барысында дәстүрлі қазақ биінің кеңестік дәуірге дейінгі кезеңде де боғандығының жаңа дәлелдері анықталып, жинақталды;
- философиялық дискурс контекстінде түркі мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын қазақтың пластикалық би өнерінің бейнелі тілі қазақ халқының мәдени кодтары мен рухани құндылықтарының көрінісі ретінде зерттелді және хореографиялық бейнелі тіл семантикасы мен тіл біліміндегі бейнелі тіл семантикасы салыстыра талданады;
- философиялық тұрғыдан Қазақстанның кәсіби хореографиялық мектебінің (халық сахналық биі) қалыптасу және даму ерекшеліктері айқындалады;
- пайдалылық принципі бойынша қазақ халық биін сақтаудың, жаңғыртудың және танымал етудің жолдары мен тәсілдері қарастырылды, сондай-ақ, тану және практикалық іс-әрекет философиясы бойынша диссертант өзінің басынан өткерген неміс дуальды оқыту жүйесіне сәйкес дуальді оқу тәжірибесімен бөліседі.

**Докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау (диссертация авторының үлесі жалпы мәтіннен пайызбен көрсетіледі).**

Диссертация тақырыбы бойынша 10 ғылыми жұмыс жарияланды:

2 мақала Scopus базасына енгізілген басылымда; 3 мақала Қазақстан

Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда; 1 басылым - рецензияланған халықаралық кітап басылымындағы тарау; 3 мақала Қазақстан Республикасындағы ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында; 1 мақала қазақстандық ғылыми журналда жарияланды. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған.

1. Zh. Ramadanova & A. Kulbekova. Epistemological and cognitive aspects of the phenomenon of dance and corporeality (Би және тәндік феномендерінің гносеологиялық және когнитивтік аспектілері). Journal of the Philosophy of Sport, 50:2, 175-189 б., Taylor & Francis, 02.04.2023, Scopus (Zh. Ramadanova, 70%);
2. Digitization of Intangible Cultural Heritage as a method to save and actualize it on the example of Kazakh folk dance (Материалдықемес мәдени мұраны цифрландыру оны қазақ халқының биі мысалында сақтау және өзекті ету әдісі ретінде). ICEMIS'20: Proceedings of the 6th International Conference on Engineering & MIS, 2020 ж. қыркүйек. Мақала №: 16, 1–7 б., Scopus (Zh. Ramadanova, 70%);
3. The Impact of the Pandemic on the developmentof IT Technologies: Forecasts and Prospects. (Пандемияның IT- технологиялардың дамуына әсері: болжамдар мен перспективалар). Advancesin Sociology Research. 37-том. Редактор: Jared A. Jaworski. 147-187 б., 2022, Nova Science Publishers, Inc. New York (Zh. D. Ramadanova, 100%);
4. Философия человека в наследии Аль-Фараби (Әл-Фараби мұрасындағы адам философиясы). «Әл-Фараби» журналы, 73-том, №1 (наурыз, 2021 ж.), Философия, саясаттану және дінтану институты, 18-30 б. (Рамаданова Ж.Д., 100%);
5. Өнер генетикалық мәдени кодтын корінісі ретінде (Қазақ халық биі мысалында). Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы, № 3(107) 2022, 169-181 бб. (Рамаданова Ж.Д., 100%);
6. Zh. Ramadanova & Sh. Filiz. Antiquity’s Philosophy as a Methodology for Contemprorary Dance Scholarship (Антикалық философия қазіргі заманғы би стипендиясының әдістемесі ретінде). Central Asian Journal of Art Studies, т. 8, № 3, 2023 ж., 115-131 б., (Zh. Ramadanova, 70%);
7. Опыт дуального обучения КазНПУ им. Абая: пути и поиски (на примере хореографии). «Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығына арналған шаралар бағдарламасын іске асырудың негізгі бағыттары» Абай ат. ҚазҰПУ-дың 90 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, II том. Алматы, 2018 ж., 145-150 бб. (Рамаданова Ж.Д., 100%);
8. Философия и танец: отражение танца в философской мысли. Абай ат. ҚазҰПУхабаршысы, «Философиялық альманах. Қазіргі заман: пікірлер әлемі» сериясы, № 3-4 (75-76), 17-24 бб., 2019 г. (Рамаданова Ж.Д., 100%);
9. Поэтико-песенное наследие Абая как средство духовного и эстетического воспитания школьников. «Қазіргі жағдайда білім алушы жастарға ұлттық тәрбие берудің өзекті мәселелері» атты Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 20.03.2020 (11.09.2020, Абай ат. ҚазҰПУ), 62-67 бб. (Рамаданова Ж.Д., 100%);
10. Данные о бытовании казахского народного танца в традиционный период развития из историко-этнографических материалов. «Қазіргі сахна тілі: дәстүр мен әлемдік тәжірибе» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, 10.03.2023 ж., 527-536 бб. (Рамаданова Ж.Д., 100%).